

Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігі
«Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ

«БЕКІТЕМІН»

Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе
өңірлік университетінің
Басқарма Сөрағасы-Ректоры,
профессор


Б.А.Ердембеков
« 28 » 2020 ж




Куратор-эдвайзерлер кеңесі туралы
ЕРЕЖЕ

Қызметтік қолданысқа арналған басылым


Ақтөбе, 2020 ж

1. ӘЗІРЛЕДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗДІ:

Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры

Қ.Т.Сатыбалдина 

Білім беру процесін ұйымдастыру департаментінің директоры

С.Б.Бишикен 

БЕКІТТІ ЖӘНЕ ҚОЛДАНЫСҚА ЕНГІЗДІ: «Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университеті» КеАҚ-ның Ғылыми кеңесінің шешімі негізінде (№1 хаттама, 28 тамыз 2020 жыл) ректормен бекітілген.

2. ҚОЛДАНЫЛУ МЕРЗІМІ: Жаңасын ауыстырғанға дейін

3. АЛҒАШ РЕТ ЕНГІЗІЛДІ 2.0 нұсқа

Осы ереже «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ ректорының ресми рұқсатынсыз толық немесе ішінара қайта шығарылмайды, көбейтілмейді және ресми басылым ретінде таратылмайды.

Осы ереже «Қ.Жұбанов атындағы АӨУ» КеАҚ ректорының ресми рұқсатымен үшінші тұлғаларға беріледі.

I. Жалпы ережелер

1.1. Қ.Жұбанов атындағы Ақтөбе өңірлік университетінің куратор-эдвайзерлер кеңесі «Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты» және «Білім беру процесін ұйымдастыру» департаменттерінің (бұдан әрі – департаменттер) жүйелеріне кіретін, куратор-эдвайзерлердің әдістемелік және ұйымдастырушылық жұмысын үйлестіретін кеңесші орган болып табылады.

1.2. Университеттің куратор-эдвайзерлер кеңесі өз қызметінде ректордың бұйрықтарын, департаменттер нұсқаулықтарын, ғылыми кеңестің шешімдерін, университеттің жарғысы мен тәрбие жұмысының тұжырымдамасын, осы ережені басшылыққа алады.

1.3. Университеттің куратор-эдвайзерлер кеңесі өз қызметін жұмыс жоспарына сәйкес департаменттер директорларының басшылығымен жүзеге асырады. Жұмыс жоспары жыл сайын оқу жылының соңында әзірленіп, жаңа оқу жылының басында бекітіледі.

1.4. Куратор-эдвайзерлер кеңесінің құрамын Әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректор жасақтайды және оны университет ректоры бекітеді. Куратор-эдвайзерлер Кеңесіне құрамына кіреді:

- Куратор-эдвайзерлер кеңесінің төрағасы;
- Куратор-эдвайзерлер кеңесі төрағасының орынбасары;
- Куратор-эдвайзерлер кеңесінің мүшелері;
- Факультет декандарының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарлары;
- Факультеттердің жетекші кураторлары.

II. Куратор-эдвайзерлер кеңесі жұмысының негізгі бағыттары

2.1. Университеттің куратор-эдвайзерлер кеңесі әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректорға тікелей бағынады.

2.2. Университет куратор-эдвайзерлері кеңесінің басты міндеті студенттерді тәрбиелеу бойынша ұйымдастыру және әдістемелік жұмысты жүргізу және оны университет шеңберінде үйлестіру болып табылады.

2.3. Куратор-эдвайзерлер кеңесінің жұмысы оқу жылына құрылған және университет ректоры бекіткен жоспар бойынша жүргізіледі.

2.4. Университет куратор-эдвайзерлер кеңесінің қызметі:

- Куратор-эдвайзерлердің тәрбиелік қызметін үйлестіреді және олардың өзара іс-қимылын ұйымдастырады;
- Факультеттің кураторлық сағаттарының жоспарларын бекітеді, студенттік топтардың куратор-эдвайзерлерінің есептерін тыңдайды;

- Студенттік топтардың куратор-эдвайзерлерінің тәжірибесін, сондай-ақ басқа жоғары оқу орындарында студенттермен тәрбие жұмысының тәжірибесін зерделейді және жинақтайды, озық тәжірибені таратады;
- Куратор-эдвайзерлердің тәрбиелеудің заманауи технологияларын, тәрбие жұмысының нысандары мен әдістерін меңгеруін ұйымдастырады;
- Куратор-эдвайзерлердің жұмысын ұйымдастыру бойынша әдістемелік ұсынымдар әзірлейді;
- Студенттік академиялық топтың өзін-өзі басқару органдары бойынша куратор-эдвайзерлерге әдістемелік көмек нысандарын әзірлейді;
- Оқу тобында тәрбие жұмысы бойынша үздік куратор-эдвайзерге жыл сайынғы конкурс және семинарлар өткізуді ұйымдастырады;
- Куратор-эдвайзерлердің жұмысын тексеруге белгіленген тәртіппен қатысады;
- Жұмысын жаңа бастаған куратор-эдвайзерлерге көмек көрсетеді;
- Тиісті білім беру бағдарламасы бойынша оқу траекториясын таңдау кезінде студенттердің қажеттіліктерін, қызығушылықтарын және бейімділіктерін анықтайды.
- Қажет болған жағдайда студенттерге Жеке оқу жоспарларын құруға көмектеседі.
- ЖОО әкімшілігіне үздік куратор-эдвайзерлерді көтермелеу, ынталандыру туралы өтініш білдіреді.

III. Жұмыс есебі

- 3.1. Куратор-эдвайзерлер кеңесі өз отырыстарын кемінде екі айда 1 рет өткізеді және хаттамамен ресімделеді. Қабылданған шешімдер мен әдістемелік әзірлемелер факультет декандарының тәрбие жұмысы жөніндегі орынбасарларына орындау үшін беріледі.
- 3.2. Отырыс оқудан тыс уақытта өткізіледі, жиналыстың күн тәртібі, өтетін орны мен уақыты туралы куратор-эдвайзерлер кеңесінің мүшелері алдын ала хабардар етіледі.
- 3.3. Куратор-эдвайзерлер кеңесінің отырыстарында тексеру нәтижелері, профилактикалық және құқықтық тәрбие жұмысын талдау қарастырылады.
- 3.4. Ведомствоаралық алқалы органдардың жұмысына қатысады (*комиссиялар, үйлестіру кеңестері және т. б.*);
- 3.5. Куратор-эдвайзерлер кеңесінің құзыреті шеңберінде өкімдерді, нұсқаулық хаттарды және бұйрықтарды дайындауға қатысады;
- 3.6. Куратор-эдвайзерлер кеңесінің жұмысы туралы есеп әлеуметтік және тәрбие жұмысы жөніндегі проректорға ұсынылады және оқу жылының соңында университеттің Ғылыми кеңесінде тыңдалады.

КЕЛІСІЛДІ:

Басқарма мүшесі, әлеуметтік және
тәрбие жұмыстары жөніндегі проректор



Бердыбаев Н.М.

Басқарма мүшесі,
стратегиялық даму және
цифрландыру жөніндегі проректор



Бекбаева А.У.

Персоналды басқару және
құжат айналымы басқармасы
қызметінің бастығы



Есеналина Л.С.

Заңгер



Алиманова Л.Б.